



ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Тіл қалай пайда болды?



Тіл дегеніміз не? Тіл қашан пайда болды? Осы тақырып «Тілдер тарихы» кітабының негізгі тақырыптарының бірі. Тіл дегеніміз не деген сұраққа жауап іздеп көрсек, тіл мәселесін екі тұрғыдан қарастыруға болады: діни көзқарас және эволюциялық көзқарас. Діни көзқарас бойынша, зерттеуші христиан болған соң, тек Інжілді фактор ретінде ұсынады. Мәселен, Інжілдегі жаратылыс туралы айтылған әңгімелер. Ең бірінші Алла тағала әлемді жаратқандағы айтылған сөздерді негізге алып, тіл бұрыннан осы қалпында, осы күйінде болды деген көзқарас айтылады.

Ислам дінінде, мәселен, біздер – мұсылмандар Құранды Алланың кітабы деп танығандықтан, ол кітап сол күйінде Алланың сөзі ретінде қабылданады. Сондықтан бұл эволюциялық дамуға жатпайды, діни көзқараспен қарағанда, Інжілдегі, Таураттағы, Құрандағы тіл – ол діни тіл ретінде қарастырылады.

Эволюция мәселесі бойынша сөз қозғайтын болсақ, бірте-бірте, яғни адамның өмірге келгеннен кейін, мұқтаж болған соң және сол мұқтаждық адамды табиғаттың шындығымен бетпе-бет қалдырғанда, бұдан бөлек өмір сүру үшін, тіршілік ету үшін, содан кейін бір-бірімен түсінісу үшін, алдымен ымдау арқылы, ишара, дыбыс, сөз сөйлеу арқылы пайда болды. Сөйтіп қажеттілік, адамдардың қоғамдық қатынас қажеттілігі тілдің дамуына себеп болады.

Тілдің алғашқы белгілері қашан пайда болды десек, ол туралы ғылымда болжамдар көп. Болжамдар теория жүзінде жүріп жатады, содан кейін зерттеледі. Бірақ шын мәнінде тілдердің пайда болып, оның қоғамдағы қызметін көрсеткен кезеңдеріне қарағанда, біз жазба деректерге негізделген дүниелерді қарастырамыз. Бұл – әңгіменің бір жағы.

Екінші жағы: бұл кітапта екі көзқарас бар, бірі діни көзқарас, екіншісі эволюциялық көзқарас. Менің ойымша, үшінші жағын қарастыру керек, адам болмысы жаратылысынан сол күйінде жаратылған, яғни адамға сана, сезім, түйсік тағы да басқа психологиялық ерекшеліктер дарыған. Олар адамның болмысында бар, кейін эволюциялық жолмен дамыды.

Сана. Сананың қабілеті. Бір нәрсені көріп білу, екі нәрсені бір-бірінен ажырата білу, екі нәрсені, көп нәрсені бір-бірімен салыстыру бұл сананың қабілеті. Бұл қабілет бар, діни көзқарас бойынша Алла тағала адамға рух және сана берді, адамның жаратылысынан сана бар, бірақ осы сана қабілетіне адам эволюциялық жолмен жетеді, демек өз қабілетіне толыққанды жетеді.

Адам баласы белгілі бір дәрежеге жетеді, оның санасы бүкіл жаратылыстың құпияларын ашатын деңгейдегі мүмкіндікке қол жеткізеді. Бар сана, сананың қабілеті эволюциялық жолмен ақырындап, бірте-бірте ашылды, ол ашылғанша жаратушы тарапынан пайғамбарлар жол көрсету үшін жіберіліп отырды.

Мәселен, Мұхаммед Пайғамбарды бүкіл адамзаттың елшісі ретінде, соңғы пайғамбар ретінде жіберді. Сондықтан адамның санасы белгілі бір дәрежеге, өзінің тану, ажырату, салыстыру мүмкіндігін пайдалана алатын деңгейге жетті деген сөз.

Қазақ халқында «Төрт көз түгел болса» деген сөз бар. Ол дегеніміз екі көз барлығын көреді, бірақ оған толық диагноз жасау үшін, адам сана көзіне мұқтаж. Сана көзі арқылы диагноз жасайды, кейде сана көзімен белгілі бір дәрежеден кейін шындықты табуға мүмкіндік болмай қалғанда түйсік керек болады. Ол сезім ақырындап жетелеп отырып, санаға көмектесіп шындыққа жетеді. Себебі сезім, түйсік арқылы адамда қиялдар пайда болады. Сол қиялдардың арқасында біз көп нәрсені болжай аламыз. Мысалы, Жюль Вернның әдебиетіндегі «теңіз астындағы 20 мың шақырым» шығармасын алып қарасақ. Ол кезде адамзат мүмкін емес нәрселерді айтады, бірақ қиялы бірте-бірте шындыққа ұласады. Міне технологиялардың дамуы арқылы су асты кемелерінің пайда болуы, планеталарды зерттеулеріміз, осының барлығы технологиялардың дамуы арқасында іске асады. Демек сана көзі мен түйсік көзі екеуі біріккенде, үлкен жаңалықтарды ашуға, жаңа ақиқаттарды тануға мүмкіндік табылады. Діни көзқарастағы соңғы пайғамбар деп аталуы, одан кейін әрбір адамзат жаратылыстағы шындыққа өзі еңбек арқылы, зерттеу, эксперимент арқылы жете алатынына көз жеткізуі, соның дәлелі болмақ. Сондықтан егер біз эволюциялық тілдің дамуына қатысты көзқарасқа, яғни тек қана нөлден бастап бірте-бірте көбейіп, мүмкіндігі ашылды деген пікірге діни көзқараспен қарасақ келіспейтін едік.



Діни көзқарас пен эволюциялық көзқарасты біріктірсек, адамзаттың бүкіл бойындағы дарыны, таланты, мүмкіндігі оның болмысында бар екенін көре аламыз. Сол қабілеттің ашылуына не керек? Бес сезім мүшесі керек: көру, есту, ұстап сезіну, иіспен сезіну тағы басқа арқылы біздің сыртқы сезімдеріміз ішкі сезімдердің арқасында қозғалысқа ұшырап, ішкі қабілетімізді оятады.

Эволюциялық көзқарастың екі түрін қабылдауымыз керек. Бірінші түрі материалистік эволюциялық көзқарас, екіншісі таза идеалистік, діни көзқараспен ұштасып, үндесіп тұрады. Жаратушы бүкіл қабілетті адам бойына берген, сол қабілеттер көру, есту, сезіну т.б. бес мүшенің мүмкіндігімен күшейіп, ішкі сезімімізді, түйсігімізді оятып, дамуға жол ашады.

Егер біз тілдің дамуын діни және материалистік эволюциялық көзқарасқа жүгініп қарастырсақ, өзіміз қалаған нәтижеге жете алмаймыз. Эволюциялық көзқарас, яғни оны материалистік деп қабылдасақ, бұл біздің ойлағанымызға қайшы келеді. Діни көзқарас негізінде эволюциялық заңдылықты қабылдасақ, үшінші көзқарас пайда болады.

Мысалы, бір бала дүниеге келгеннен бастап, оның дамуы – 1%-ы генетикаға, 99%-ы – ортаға байланысты. Егер балаға тәрбие бермесеңіз, үйретпесеңіз, дүниені көрсетпесеңіз, эксперимент жасамасаңыз, әрине, баладағы сана мен түйсік қабілеті дамымайды. Жаратушы дарытқан сана мен түйсіктің дамуына әртүрлі мүмкіндіктер туғызу керек, ол практика мен теорияда бірдей болу керек. Мәселен, есту қабілетін дамыту, сөйлеуді, физикалық мүмкіндігін дамыту үшін, барлығына практикалық жұмыс жасау керек, тәрбие беру керек. Сонда баланың бойындағы табиғи дарын бірте-бірте оянып, дамиды. Мұны да біз эволюция деп қабылдаймыз, бірақ бұл материалистік эволюция емес. Бүкіл бойымызға дарыған мүмкіндіктерімізді біз іс жүзінде көрсете алуымыз үшін, тәрбие мәселесін қолға алу керек.

Қазақта мынадай мақал бар: «Өтірік пен шындықтың арасы төрт-ақ елі», «Естіген өтірік, көрген шын». Егер адам көбірек көрсе, қыдырса, жан-жаққа көз тіксе, сонда барып адам санасы, сананың қабілеті ашылады.

Аудармалар да көрудің бір түрі, бүкіл әлемдегі әдебиет, тарихты қарасақ, көптеген дамыған елдердің дамуына ең басты себеп – аудармалар болған. Аудармалар түрлі қаламгерлердің көргендерінен, эксперименттерден туындаған дүниелер. Мәселен, оның көзімен біз бүкіл әлемді көре аламыз, сөйтіп, бойымыздағы, болмысымыздағы сананың қабілеті ашыла бастайды.

Тілдердің дамуы мен пайда болуына байланысты саяси көзқарас та негізгі фактор болған. Саяси көзқарас арқылы мүмкіндіктер туады. Б.з.д. 2000 жылдарда Мысырда «Синухе» деген үлкен көлемді роман жазылған. Ферон патшасы Синухеге «басқа елдерді арала, мына бұйрықтарды орында, белгілі бір заттарды жаз» деген бұйрық береді. Сол Феронның бұйрығы бойынша Синохе үлкен көлемді роман жазып шығарады. Кейін бұл роман бүкіл әлемге таралып, әлем тілдеріне аударылады.

Б.з.д. 2000 жылдарда белгісіз бір автордың «Екі ағайынды туралы ертегі» шығармасы шыққан екен. Екі ағайынды болған екен: біреуі Анфо, біреуі Бата. Анфо мен Бата бір үйде тұрып, бір-біріне көмектеседі. Кейін ағасы үйленген соң үйдің жұмысы көбейіп, Бата ағасына бүкіл жұмыстарға көмектесіп, соның жанында оң қолы болып жүреді. Күндердің күнінде далада жұмыс істеп жүргенде, Анфо інісін үйден құралдар алып кел деп жұмсайды. Үйге кірсе, Батаның жеңгесі алдынан шығып, ымдап, Батаға көзін сүзеді. Бұған Бата жеңгесінің айтқанына көнбей: «Сен менің жеңгемсің, ағамның жолдасысың, саған қиянат жасай алмаймын, біздің заңға сәйкес келмейді», – дейді. Жеңгесі оған ызаланып: «Айтқанымды жасамасаң, сені құртамын», – дейді. Сонымен Бата айтқанына көнбей сыртқа шығып кетеді. Кешке таман Анфо үйге келіп, тамағын ішіп, ұйқыға жатқан кезде, оған әйелі мұңайып, інісінің жаман әрекеттер жасауды талап ететінін, мұндай қорлыққа шыдамайтынын айтып назданады. Бұған ызаланған Анфо, қорада жатқан інісін өлтірмек болып, қора жаққа бет алады. Сол кезде қорадағы сиырлар Батаға қауіп төніп тұрғанын сездіріп, оған хабардар етеді. Бата оянып қаша жөнеледі. Қашып келе жатып тығырыққа тап болады да, күн құдайы Радан: «О, құдайым, мына тығырықтан шығаршы», – деп тілейді. Сонда ағасы мен інісінің ортасында өзен пайда болады. Өзеннің арғы жағынан Анфо: «Қалайда сенің көзіңді құртамын», – деп айқайлайды. Інісі болса, оған: «Сен ойлан, сабыр ет, асықпа, бүгінгі түн өтсін, ертең таңертең шындықты білесің», – деп жауап қайтарады. Таңертең Бата өзеннің арғы жағында тұрып,



ағасына бар шындықты айтады. Бата айтқандарының шындық екендігіне дәлел ретінде етінің бір бөлігін кесіп алып, суға лақтырады. Ағасы болса: «Інім, мен қателестім, кешір, қайта орал, бірге өмір сүрейік», – деп жалбарынады. Оған інісі енді оралмайтынын, Ақұя шатқалына баратынын, сол жерде Құдайдан оны ең биік жерде өсетін гүлге айналдыруын сұрайтынын айтады. Оның айтуынша, сол гүлдің ұшында Батаның рухы болады. Күндердің күнінде, інісін іздеп барғанда, ағаштың жаудың қолынан кесіліп, құлап жатқанын көретінін, сонда биіктегі гүл де құлап, дәні жерге шашылатынын хабарлайды. Кейін ағасына: «Сен сол дәнді тауып жерге қайта ексең, мен тірілемін», – дейді. Содан екі ағайынды бір-бірімен қоштасады. Бата Ақұя шатқалына жетеді де, сонда жалғыз өзі өмір сүре бастайды. Көп жылдар өткен соң күн құдайы Ра Батаға жаны ашып, Жаратушыдан Батаға жар тауып беруді тілейді. Содан Бата бір сұлумен танысып, соған үйленеді. Күндердің күнінде сұлу Батаға таңғалып: «Сен осы таңертең ерте тұрып, анау ағаштың астына барып жатасың, онда қандай сыр бар?», – деп сұрайды. Бата оған: «Сен менің жарымсың саған айтпағанда кімге айтамын?» – деп, бар шындықты әйеліне айтады: «Осы шатқалға келгенде, жаратушы менің рухымды жоғарыдағы гүлдің ұшына қойған, сонда менің рухым бар, ағаш кесілгенге дейін мен тірі боламын», – дейді.

Күндердің күнінде Бата әйеліне, Ніл өзеніне бармауын өтінеді, себебі өзен оның сұлулығына тәнті болып, Батадан қызғанып, жамандық жасайды. Келесі күні әйелі шыдамай, Ніл өзеніне барады. Сонда сұлулығына таңғалып, ғашық болған өзеннің толқыны оны жұтып алғысы келеді, бірақ сұлу қашып үлгереді. Қашып, үйіне келсе де, Батаға ешнәрсе айтпайды. Түннің бір уақытында Ніл өзені Ақұя шатқалындағы ағашқа: «Сен өзінің бұтағыңмен сұлудың бір тал шашын әкеліп берші», – дейді. Оның өтінішін орындамақ болып, ағаш бұтағы сұлудың бір тал шашын Ніл өзеніне береді. Ніл өзені шашының иісін иіскеп, масаттанып жүргенде, Мысырдың Ферон патшасы Ніл өзенінің жағасына демалуға келіп, сол бір әдемі иісті сезеді де, өзеннен: «Бұл ненің иісі?», – деп сұрайды. Ніл өзені: «Бұл бір сұлу қыздың иісі», – деп жауап береді. Ферон патшасы сол сұлуды тауып беруге қызметкерлері мен нөкерлеріне бұйрық береді. Қызды тапқан соң, сұлуға Ферон патшасына жар бол, жүр десе, қыз: «Менің сүйікті жарым бар, ешқайда бармаймын», – деп көнбейді. Бармаған соң Ферон патшасы көп әскерді жіберіп, қызды алып келіңдер деп жібереді. Бата болса, олармен шайқасып әскердің барлығын қырып салады. Содан кейін Ферон не істерін білмей, кеңесшілерінен кеңес сұрайды, сонда олар: «Сіз сұлу әйел кейінде біреуді жіберіңіз, ол әйел әлгі сұлуға сіздің сарайыңыздың зор мүмкіншіліктерін айтып барсын, сөйтіп қызықтырып, алдап, алып келсін», – дейді. Жіберген сұлу Батаның әйеліне барып: «Сен Ферон сарайын көрген жоқсың, көрсең таңғаласың, өмірде не керектінің бәрі сонда, жүр, өкінбейсің», – деп, әйелдің түйсігін өзіне қаратып сұлуды алып кетеді. Бата оны қалай болғанда да қайтарады деп ойлаған сұлу, Ферон патшаның адамдарына: «Анау ағашты кессеңіз, Бата өледі» – деп айтады. Содан соң ағаш кесіліп, рух биіктен түсіп, Бата өледі. Әйелі болса, Ферон сарайында бақытты өмір кешіп жүреді.

Күндердің күнінде Батаның ағасы Анфоның түсіне аян кіреді. Түсінде су ішсе де, сүт ішсе де барлығы ащы болып, барлық заттар өзгереді. Содан соң ағасы ініме жамандық болғанын сезіп, Ақұя шатқалына баруға жолға дайындалады. Ақұя шатқалында ағасы інісін 3 жыл бойы іздейді. Содан кейін інісінің айтқаны есіне түсіп, дәнді тауып алып, оны жерге қайта егеді, інісі тіріліп, екеуі қауышады. Інісі ағасынан рұқсат сұрап, Ферон сарайына жолға шығып, жарын қайта алып келмек болады. Одан ағасы оны қалай әкелетінін сұрағанда: «Мен керемет, сүті мол сауын сиырға айналамын», – дейді. Мысырға барған соң, Бата керемет, сүті мол сауын сиырға айналады. Мысырда оны көргендердің бәрі сол сиырға тәнті болады. Барлығы осы сиырды сатып алғысы келеді, бірақ сатушы бұл сиырды тек Ферон патшалығына ғана сататынын айтады. Келіншегі сиырды көрген соң, сиырды сатып алады. Сарайға келіп, Бата сиыр кейінде оңашада кездесіп, келіншегіне: «Мен сиыр емеспін, сені алып кетуге келдім», – дейді. Келіншегі болса: «Сен маған керек емессің, өмірің де керек емес, осы сарайда жақсы өмір сүріп келемін», – деп, Феронға сиырды құрту керектігін айтады. Содан кейін Ферон сиырды өлтіруге бұйрық береді. Сиырды бауыздаған кезде екі тамшы қан сұлудың аузына тиеді. Сонымен сиыр өледі. Бір-екі күн өткен соң, сұлудың жүрегі айнып, Феронның жары балалы болатыны анықталды. Ферон қайтқан соң, дүниеге келген сол бала, Бата болып қайта туылады. Кейін Феронның орнында Бата 30 жылдай патшалық құрып, ағасын шақырып алып, бірге бақытты өмір кешкен екен».



Кітап: Тіл тарихы: Кіріспе

Дәріс: 1. Тіл қалай пайда болды?

Бұл көркем әдебиет, күрделі, адамның психологиясының қандай болатынын зерделеген шығарма, біздің заманымыздан 2000 жыл бұрын Мысырда дүниеге келген туынды, қазір бүкіл әлемді тәнті етіп отыр.

Гильгамештің 12 дастаны біздің заманымыздан 2007 жыл бұрын дүниеге келген шығарма, бұлардың барлығы адамның тілдік тұрғыдан алғанда оның бірден пайда болғанын, әлде эволюциялық жолмен дамығаны туралы мәселеге тағы бір үлкен сұрақ қосады.

Гильгамештің 12 дастаны, «Екі ағайынды», «Синухе» сияқты романдар сондай көркем күйінде, өте терең философиялық ойлармен қалай пайда болды? Демек осының барлығы тілдер тарихының қалай пайда болғандығы жайлы мәселенің әлі талай-талай зерттелетінін көрсетеді.